

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұймыдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығына сәйкес ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасына құрылған қамқоршылық кеңесінің құрамы туралы мәлімет.

24.10.2025жыл

№	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің толық аты-жөні	Жұмыс орны	Байланыс телефондары
1	Арапбаев Оңалсын Есенбеков Берік	Дербісек ауыл округі аппаратының бас маманы, «Аманат»партиясының төрағасы.	87029020930 87751612481
2	Дарханов Серік	Дербісек ауыл округі учаскілік инспекторы, полиция майоры	87028054545
3	Алимбекова Нұрипа Усенова Толқын	Дербісек ауыл округі бойынша әйелдер кеңесінің төрайымы, «Мәдениет ұйының» әдіскері, «Аманат» партиясының мүшесі.	87758013668 87750895657
4	Коштенбеков Ерғазы	Дербісек ауылдық аурухана меңгерушісі.	87078681555
5	Бисенов Ергеш	Ауыл төбе биі	87025763284
6	Олжабаев Ералы	Ауыл бас имамы	87013319072
7	Каленов Қуат	Ауыл белсендісі	87011223535
	Муса Алия	Ата-ана комитетінің төрайымы	87781007288
8	Алменов Малік «Аяала» шағын маркетті	Жеке кәсіпкер	87784835000

ЖШС «Дин Асыл» б/б меңгерушісі:

  А. Сразбаева



Бекітемін:

ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
А.Н. Оразбаеваға
001 Хаттамасымен бекітілді

ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасы

Қамқоршылық кеңесі қызметінің 2024-2025 оқу жылына арналған.

ЖОСПАРЫ

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімдері	Жауапты
1. Ұйымдастыру жұмысы			
1	1. ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасы Қамқоршылық кеңестің құрамымен танысу. 2. Төрағасы мен хатшысын айта бекіту. 3. 2024-2025 оқу жылына қамқоршылық Кеңестің жұмыс жоспарын түзу және бекіту.	Қазан 2023	Меңгеруші А. Оразбаева Қамқоршылық кеңестің төрағасы Ж. Сайлаубаев
2	1. Балабақшадағы «Жаңа-жыл» мерекесін ұйымдастыру туралы 2. Балабақшаның материалдық базасын жақсарту мәселесі. 3. Балалардың тамақтану төлемақысы мәселесі.	Желтоқсан 2023	Б/б меңгерушісі А. Оразбаева әдіскер К. Усипбекова Дәмбике Г. Құдайбергенова
3	1. Бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарымен танысу. 2. Балабақшадағы түзету-дамыту жұмыстарының барысымен таныстыру. 3. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру.	Сәуір 2023	Б/б меңгерушісі А. Оразбаева әдіскер К. Усипбекова Медбике Г. Құдайбергенова Педагог-психолог Г. Сайтимбекова Қамқоршылық Кеңес мүшелері А. Калдаров
2. Қаржы-қайырымдылық қызметі			
1	Мектепке дейінгі ұжым жанынан қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасын бақылау шотын ашу.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңес төрағасы, есепші Ж. Сайлаубаев
2	Мектепке дейінгі ұйымға қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлуге қатысу.	Ақшалай қаражаттың түсуіне қарай	Қамқоршылық кеңес мүшелері Н. Арапбаев

3	Қайырымдылық көмек көрсетуге, мектепке дейінгі ұйымының МТБ дамыту және нығайту үшін демеушілерді тарту.	Тұрақты негізде	Қамқоршылық кеңес мүшелері С.Кожиков
4	Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдерді мынадай мақсаттарға нысаналы жұмсау: -мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау; -мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын жетілдіру; -дарынды балаларды қолдау; -заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру.	Тұрақты негізде	Қамқоршылық кеңес мүшелері С.Нарбаев

Қоғамдастық кеңес төрағасы:



Ж. Сайлаубаев

ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасының

Қамқоршылық кеңес отырысының

№1 хаттамасы.

Өткізілген күні: 24. 10. 2023жыл

Өткізілген орын: Думан зал

Қатысқандар:

1. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Ж. Сайлаубаев
2. Б/б меңгерушісі: А. Оразбаева
3. Әдіскер: К.Усипбекова
4. Хатшы: Л. Арзыкулова

Жалпы саны: 18

Күн тәртібі:

1. «Қамқоршылық кеңес» жайлы және оның мүшелерімен танысу
2. Кеңес мүшелері арасынан төраға сайлау.
3. «Қамқоршылық кеңес» жұмыс жоспарын түзу және бекіту.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды, балабақша меңгерушісі А.Оразбаева «Қамқоршылық кеңес» құрудың тиімділігін түсіндірді және кеңес мүшелерімен таныстырды.

-«Қамқоршылық кеңес» дегеніміз қоғаммен балабақша арасындағы өзара қатнас жасау құралы. «Қамқоршылық кеңес» бастамаларда үнемі жұмыс жасап тұратын алқалық басқарудың бірі тобы болып табылады және оның негізгі мақсаты балабақшаның мақсат міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру, сондай-ақ балабақшаның материалдық базасын нығайту мақсатында қосымша қаражат және ресурстарды тарту болып табылады. Біз осы балабақшада «Қамқоршылық кеңестің» құрамынқұру үшін ұсыныстар қабылдайтынымыз туралы «Сәтті» газеттіне хабарландыру жариялаған болатынбыз. Ұсыныс қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде тоқтатылды. «Қамқоршылық кеңес» жиналысы әр тоқсан сайын болады. Кеңес мүшелері 9 адамнан кем керек.

Ұсыныстар Дербісек ауыл округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі. Дербісек ауылдық мәдениет үйі, Дербісек ауыл учаскілік инспекторы, ауыл биі, ауыл имамы, ауыл белсенділерінен келіп түсті. Ол ұсыныстарды қуана қабылдадық. Олар: Дербісек ауыл округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің бас маман заңгері Ж.Сайлаубаев Дербісек ауылдық учаскілік инспекторы С. Дарханов, Дербісек ауылдық мәдениет үйінің әдіскері А. Усенова, Дербісек ауылдық аурухана меңгерушісі Е.Коштенбаев, ауыл төбе биі Е. Бисенов, ауыл бас имамы Е.Олжабаев, ауыл белсендісі Қ.Каленов, ата-аналар комитетінің төрайымы жеке кәсіпкер М.Алменов. Осы мүшелерімізбен барлығымыз жұмыла жұмысжасайық-деп қуаттандырды.

Жарыссөз: Қ. Каменов «Қамқоршылық кеңес» қалай жұмыс жүргізеді? деп сұрақ қойды. Бұл сұраққа әдіскер К. Усибекова

1. Балабаушамыздың шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады.
2. Балабақшамыздың жарғысына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу туралы қсыныстар әзірлейді.
3. Қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді.
4. Балабақша қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады.
5. Балабақшаның қызметімен және балабақшада тәрбиеленіп жатқан балаларымызға жасалып жатқан жағдайлармен танысады, психологты қатыстыра отырып, олармен әңгімелеседі деп жауап берді.

Екінші мәселе бойынша, араларыңыздан өздеріңіз ақылдаса келе төраға сайласаңыздар деді әдіскер К. Усибекова. Төраға өздеріңіз білетіндей өте белсенді, сөзін нақты айтып, жеткізіп, мәселелердің шешімін қарастыра алатын болуы керек.

Жарыссөзде – «мен өзім жеке кәсіпкер М.Алменов төраға етіп сайлауға ұсыныс жасаймын» - деп кеңес айтты ауыл белсендісі Калменов М.

Ауыл бас имамы Е.Олжабаев осы орынға лайық деп ұсыныс айтты. Е. Бисенов төрағалыққа ұсынды айтты. Ж. Сайлаубаев төрағалыққа ұсынды. Ақылдаса ойласа келе кеңестің мүшелері дауысқа салып, соңында Ж.Сайлаубаев төраға, ал мәдениет үйінің әдіскері А. Усенованың орынбасары, балабақша педагогы Д. Абсаматова Қамқорлық кеңес хатшысы болып бірауыздан сайлады.

Үшінші мәселе бойынша, У.Джунисбеков «Қамқоршылық кеңестің» жұмыс жоспарын түзіп бекітуіміз керек, қандай мәселелер қозғаймыз, ой-пікірлеріңізді ортаға салсаңыздар, деп кеңес мүшелеріне ұсыныс айтты. Келісе келе, ортақ шешімен жоспар түзіліп, бекітуге ұсынылды.

Аталған ұсыныстарды «Қамқоршылық кеңес» мүшелері бір ауыздан қолдап қуаттады.

Шешім:

1. «Қамқоршылық кеңес» төрағасы етіп Ж.Сайлаубаев төраға орынбасары У.Джунисбеков хатшы Л.Арзыкулова болып сайлансын.
2. «Қамқоршылық кеңес» жұмыс жоспары бекітілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Б/б меңгерушісі:

Хатшы:



Ж. Сайлаубаев

А. Оразбаева

Л. Арзыкулова

ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасының

Қамқоршылық кеңес отырысының

№2 хаттамасы.

Өткізілген күні: 19. 12. 2023жыл

Өткізілген орын: Думан зал

Қатысқандар:

1. Б/б меңгерушісі: А. Оразбаева
2. Әдіскер: К.Усипбекова
3. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Ж.Сайлаубаев
4. Шаруашылық меңгерушісі: У.Джунисбеков
5. Хатшы: Л. Арзыкулова

Жалпы саны: 15

Күн тәртібі:

1. Балабақшадағы «Жаңа жыл» мерекесі
2. Балабақшаның материалдық базасын жақсарту мәселесі
3. Балалардың тамақтану төлемақысы мәселесі

Бірінші мәселе бойынша, кеңесіміздің төрағасы Ж.Сайлаубаев сәлемдесіп, сөз бастады.

-Салематсыздар ма, құрметті кеңес мүшелері, келе жатқан жаңа жылдарыңызбен құтықтаймын! Ал жалпы осы балабақшада «Жаңа жыл» мерекесі қалай өтеді және қай күні басталады, балабақша әдіскері түсіндіріп өтсе.

Әдіскер К. Усипбекова балабақшамызда мерекелік іс-шаралар 25- желтоқсанда кіші топтардан басталады. Соңғысы 29- желтоқсан мектепалды дайындық, ересек топтарда болады. Жалпы алғанда мерекелік іс-шара әр топтың өзінің жас ерекшеліктеріне сай өтіледі. Тәрбиешілеріміз әр түрлі кейіпкерлердің киімін киіп, барынша балаларымыздың көңілін көтеріп, одан қала берсе, ата-аналарымызды да шақырып, ойын ұйымдастырып, ата-аналарымыздың да көңілінен шығып жатады.

Қамқоршылық кеңес мүшесі: С.Кожиков

-Ия барлығы түсінікті, менде осы балабақшаның ата-анасымын. Бұл балабақшада ертеңгілік іс-шаралар өте жақсы өтеді.

Төраға: Ж. Сайлаубаев енді осы балабақшаның мерекелік іс-шарасын оданда қызықты етіп өткізуге бізде атсалысайық, қалай қарайсыздар? Мынадай ұсынысым бар, балалардың көңіл-күйін көтеру үшін Аяз атаның қапшығына сыйлық салайық, ертеңгілікке қатысып, қолдан келсе

кейіпкер киімін киіп рөлге кірейік. Балалардың шат күлкісін көріп, өзімізде қуанышқа кенелеміз. Барлығыда өзіміздің балапандарымыз үшін. Кеңес мүшелерінің барлығы бұл ұсыныстарды бірауыздан қолдап, келісті.

Екінші маселе, балабақшаның материалдық базамен қамтылуы туралы
Қ.Каленов сұрақ қойды.

Балабақша меңгерушісі А.Оразбаева балабақшаға ішкі әжетхана, ішкі ауыз су, кәріз жүйелерін құруға қамқоршылық кеңес мүшелерінің ықпал етуін сұрады.

Төраға Ж. Сайлаубаева аталған мәселені шешу жолдарын қарастырып, кәріз жүйелерін құруға көп қаржы кететінін ескертіп Дербісек ауыл әкіміне, аудан әкіміне, білім бөліміне сұраныстар жіберуді ұсынды.

Күн тәртібіндегі үшінші яғни балалардың тамақтану төлемақысы мәселесі бойынша
Қ.Каленов төлемақыға жеңілдіктер бар ма, деп сұрақ қойды.

Бұл сұраққа балабақша меңгерушісі А. Оразбаева біз мемлекеттік балабақша болғандықтан бала басына тамақтануға төленетін мемлекеттік жарна берілмейді. Балаларды азық-түлікпен тек ата-аналар берген төлем ақы арқылы қамтамасыз етеміз. Оның үстіне мемлекеттік балабақша болғандықтан әрбір баланың төлемақысы кассалық аппаратпен кіріске алынып, банкке өткізіледі деп жауап берді.

Жарыссөзде Д.Абсаматова жеңілдіктер қай кезде қаралады? деген сұрақ қойды. Балабақшаның шаруашылық меңгерушісі: У. Джүнісбеков жеңілдік болу үшін мемлекет біздің балабақшаның есебіне қаржы бөлу керек. Сол кезде бізде төлемақыға жеңілдік қарастырылады деп жауапты нақтылады.

Шешім:

1. «Жаңа жылдық» мереке өз деңгейінде ұйымдастырылып өткізілсін. «Қамқоршылық кеңес» мүшелері мерекені ұйымдастыруға белсене қаттысын.
2. Балабақшаның кәріз жүйелерін қосу, ішкі әжетхана құру, ішкі ауыз су жүргізу үшін ауылдық, аудандық әкімшілікке білім бөліміне сұраныстар берілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Б/б меңгерушісі:

Хатшы:



Ж.Сайлаубаев

А.Оразбаева

Л. Арзыкулова

ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасының
Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 хаттамасы.

Өткізілген күні: 19. 04. 2024жыл

Өткізілген орын: думан зал

Қатысқандар:

1. Б/б менгерушісі: А.Оразбаева
2. Әдіскер: К.Усибекова
3. Қамқоршылық кеңсе төрағасы мен мүшелері: Ж.Сайлаубаев
4. Медбике: Г.Құдайбергенова
5. Педагог психолог м.у.а: Г. Сайтымбетова
6. Хатшы: Л.Арзыкулова

Жалпы саны: 20

Күн тәртібі:

1. Бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарымен танысу.
2. Балабақшадағы түзету-дамыту жұмыстарының барысымен танысу.
3. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен және ойын-сауық жоспарымен таныстыру.

Мәселелерді талқылау барысы:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша менгерушісі Оразбаева Айгул бала құқығының қорғалуы бойынша хабарлама жасады. Ол өз хабарламаасында «Бала құқығы туралы» Заңның баптарында көрсетілген бала құқығын қорғау бойынша балабақшада атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

-Баланың денсаулық сақтау құқығы бойынша балабақша аурудың алдын алу, сауықтыру-шынықтыру жұмыстары, денешынықтыру оқу қызметтері мен іс шаралар жүргізіледі, сондай-ақ осы шараларды жүзеге асыру үшін қолайлы орта қалыптасқан. Балалар күнделікті таңғы

филтирден өткізіп қабылданады. Дене қызуы жоғары немесе суықтау белгілері бар балалар ішке енгізілмей қайтарылады. Балабақша ғимаратының ішіне ата-аналардан басқа бөтен адамдар енуге рұқсат етілмейді. Ұйықтайтын керует, орындық, киім сөрелері бала санына сәйкестендірілген. Баланың білім алу құқығы бойынша балабақшада тәрбиелеумен қатар оқыту процесі жүзеге асырылады. Әр жарты жылдық сайын ашық оқу қызметтері ұйымдастырылып, тәрбиешілердің қолданатын технологиясы мен заманауи материалдармен танысуға мүмкіндік болады. Балалардың білім құзіреттілігін анықтау мақсатында жылына 3 рет «Бастапқы», «Аралық», «Қорытынды» мониторинг жасап отырамыз. Баланың дем алуға және бос уақытын тиімді пайдалануға құқылы екені Заңның 19-бабында көрсетілге, балалардың бос уақытында түрлі үйірме жұмыстары мен ісшаралар, жаз мезгілінде сауықтыру шаралары жүргізіледі.

Жарыссөзден күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салады.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Қ. Каипов

-Балабақшада бала құқығының қорғалуы бойынша жағдайлар жасалған және жұмыстар да орындалып жатыр. Әр ата-ана баласын үйден де қадағалап жауапкершілігін күшейтсе деген ұсынысым бар.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Ж.Сайлаубаев

-Балабақшадағы балалар топтарын аралап шығып балабақшада атқарылып жатқан жұмыстарға толық қанық болдық. Ұлттық рухани құндылықтарды балалардың бойына кішкентайынан сіңіру үшін ұлттық бұрыштар орнатылған. Ұлттық колөнер бұйымдармен безендірілген. Балаларға арналған кереуеттер, үстел, орындықтар, ойыншық сүрелері, киім ілгіш шкафтары балаларға қолжетімді, стандарт талаптарына сәйкес келеді.

Балабақша меңгерушісі: А.Оразбаева сөз сөйлеп өз пікірін білдірді. Ол жалпы балабақшада балалардың құқығын сақтау бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Екінші мәселе: бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері педагог-психологтың кабинетіне барып жұмыстарымен танысты. Педагог – психологтың ұйымдастыруымен құм терапиясы, ертегі терапиясы, боямақтар, үстел үстіндегі ойындар түрлерін көрсетуін тамашалады. Г. Сайтмбетова балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстары жайлы қосымша ақпарат береді.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Н.Арапбаев

-Балабақшадағы түзету-дамыту жұмысын көрдік. Жүйелі жүргізілетіні байқалып тұр. Мұндай мамандармен жекеленген жұмыстардың жүргізілуі өте орынды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе: бойынша, балабақша медбикесі Г.Құдайбергенова жазғы сауықтыру мезгілінде балабақшада жүргізілетін шынықтыру шаралары жайлы хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында күнмен, сумен, ауамен шынықтыру түрлерін атап көрсетті. Жазғы уақыт бала ағасын шынықтыруға қолайлы уақыт екенін атап айтты. Құммен ойын барысында, аза ауадағы серуен кезінде бала ағзасын күнімен шынығатынын, сумен ойындар кезінде сумен шынығу жұмыстары жүргізілетінін, таза ауадағы таңертеңгі жаттығулар, таза ауадағы серуен,

қимылды ойындар баланың ауамен шынығуына мүмкіндік беретінін айтты. Шынықтыру шараларын жүргізу әдістемесіне тоқталды.

Балабақша әдіскері: К.Усибекова жазғы сауықтыру мезгілінде жүргізілетін ойын сауық іс шаралар жоспарымен таныстырды. Атап айтқанда, балаларға арналған мультфильмдер көрсетілімі, спорттық эстафеталық сайыс, шығармашылық галерея, ертегі қоймалары, қуыршақ театры, патриоттық әндер байқауы, би фестивалі сияқты шаралар жоспарланғанын атап өтті.

Шешім:

1. Балабақшадағы бала құқығын қорғау жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін.
2. Балабақшадағы тәрбиеленушілермен түзету-дамыту жұмыстары жолға қойылған деп есептелсін.
3. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шаралары, ойын-сауық жоспары өз деңгейінде жоспарланған деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Б/б меңгерушісі:

Хатшы:



Ж. Сайлаубаев

А. Оразбаева

Л. Арзыкулова

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығына сәйкес ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасына құрылған қамқоршылық кеңесінің құрамы туралы мәлімет.

16.10.2025жыл

№	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің толық аты-жөні, әкесінің аты	Жұмыс орны	Байланыс телефондары
1	Арабаев Оңалсын Есенбеков Берік	Дербісек ауыл округі аппаратының бас маманы, «Аманат» партиясының мүшесі.	87029020930 87751612481
2	Алимбекова Нұрипа Усенова Толқын	Дербісек ауыл округі бойынша әйелдер кеңесінің төрайымы, «Мәдениет ұйымы» әдіскері, «Аманат» партиясының мүшесі.	87758013668 87750895657
3	Коштенбеков Ерғазы	Дербісек ауылдық аурухана меңгерушісі.	87078681555
4	Бисенов Ергеш	Ауыл биі	87025763284
5	Каленов Қуат	Ауыл белсендісі	87011223535
6	Муса Алия	Ата –ана комитетінің төрайымы	87781007288
7	Орха Оразкул	Ата-аналар комитетінің мүшесі	87759913296

ЖШС «Дин Асыл» б/б меңгерушісі:



Оразбаева



ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасы

Қамқоршылық кеңесі қызметінің 2025-2026 оқу жылына арналған.

ЖОСПАРЫ

№	Іс – шаралар	Мерзімдері	Жауаптылар
1. Ұйымдастыру жұмысы			
1.1	1. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмыстың ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355-бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы №56-бұйрығымен бекітілген, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібімен танысу. 2. Қамқоршылық кеңестің құрамын қалыптастыру. 3. Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс бекіту.	Қазан	Меңгеруші А. Оразбаева Әдіскер К. Усибекова Қамқоршылық кеңес мүшелері. Н. Арапбаев Б.Абулкасимов
1.2	1. Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау, ұйымдастыру және өткізу. 2. Тиімді тамақтануды ұйымдастыру Үшін оңтайлы жағдайлар жасау. 3.Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту барысын айқындау.	Желтоқсан	Б/б меңгерушісі А.Оразбаева әдіскер К.Усибекова Дәмбике Г.Құдайбергенова Шаруашылық меңгерушісі Қамқоршылық кеңес төрағасы Қамқоршылық кеңес мүшелері А.Калдаров
1.3	Қамқоршылық кеңестің №3 жалпы жиналысы . 1. Наурыз мерекесінің ұйымдастыру және өткізу.	Наурыз	Қамқоршылық кеңес төрағасы Ж. Сайлаубаев Қамқоршылық

	2. МДҰ ғимаратын абаттандыру жұмыстарын және аумағын көгалдандыру ұйымдастыру. Көгалдандыру бойынша еріктілер жұмысын ұйымдастыру, «Жасыл табиғат» челленжіне қатысу.		кеңес мүшелері А.Садыков Р.Бегалиев
1.4	Қамқоршылық кеңестің № 4 жалпы жиналысы 1. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және келісу. 2. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінің немесе облыстың (аудандық, қалалық) білім басқармасына Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйымның жұмысынан анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу.	Мамыр	Қамқоршылық кеңес төрағасы Ж.Сайлаубаев Қамқоршылық кеңес мүшелері С.Нарбаев М.Агаев
4. Қаржы-қайырымдылық қызметі			
2.1	Мектепке дейінгі ұйым жанынан қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасын бақылау шотын ашу.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңес төрағасы, есепші Ж.Сайлаубаев
2.2	Мектепке дейінгі ұйымға қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлуге қатысу.	Ақшалай қаражаттың түсуіне қарай	Қамқоршылық кеңес мүшелері Г.Камбаров А.Эйбов
2.3	Қайырымдылық көмек көрсетуге, мектепке дейінгі ұйымының МТБ дамыту және нығайту үшін демеушілерді тарту.	Тұрақты негізде	Қамқоршылық кеңес мүшелері А.Калдаров Р.Бегалиев
2.4	Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдерді мынадай мақсаттарға нысаналы жұмсау: -мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау; -мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын жетілдіру; -дарынды балаларды қолдау; -заттық-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастыру.	Тұрақты негізде	Қамқоршылық кеңес мүшелері А.Бурибеков Е.Бейсенов
2.5	Мектепке дейінгі ұйымның интернет-ресурсында тиісті еспті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек құралдарын пайдалану және олардың қозғалысы жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету.	Қаржылық жылының қортындысы бойынша	Балабақша әкімшілігі А.Оразбаева
5. Бақылау			
3.1	Тәрбиешілердің ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдерінің құқықтары мен бостандықтары сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру, олардың	Тұрақты негізде	Қамқоршылық кеңес мүшесі Н.Арапбаев А.Садыков

	құқықтарын қорғауға, тәрбиеленушілердің қауыпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктің физикалық, психикалық және өзге де түрлерінен қорғауға жәрдемдесу.		
3.2	Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын, тамақтану сапасын, ауыз су ренжимін, мектепке дейінгі ұйымның іргелес аумағының жай-күн бақылау мониторингімен танысу.	Тоқсанына бір рет	Қамқоршылық кеңес мүшесі А.Калдаров Р.Бегалиев
3.3	Қиын өмірлік жағдайға тап болған тәрбиеленушілерге өолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін мектепке дейінгі ұйымның шотына түсетін демеушілік қаражаттың жұмсалыуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.	Тоқсанына бір рет	Қамқоршылық кеңес мүшесі М.Агаев Г.Камаров
3.4	Мектепке дейінгі ұйымның қызметі, оның ішінде мемлкеттік қызметті сапалы ұсыну, жұмыс қорытындылары, қайырымдылық көмек қаражатын пайдалану туралы меңгерушінің есебін тыңдау.	Жылына екі реттен кем емес	Б/б меңгерушісі А. Оразбаева

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Ж.Сайлаубаев

ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасы

Қамқоршылық кеңес отырысының

№1 хаттамасы

2024 жыл «16» Қазан

Қатысты: 18

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355-бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56-бұйрығымен бекітілген, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібімен танысу.
2. Қамқоршылық кеңестің құрамын қалыптастыру.
3. Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Оразбаева Айгул сөз сөйлеп, ҚР Оқу- ағарту министрінің 01.03.2023 №56 бұйрығымен бекітілген, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібімен таныстырды. МДҰ Қамқоршылық кеңесі төрағасының міндеттері аясын және өкілеттіктеріне сипаттама берді. Мектепке дейінгі ұйымның әлеуметтік желісінде және баспасөздерде Қамқоршылық кеңесті қалыптастыру туралы хабарландыру орналастырылғаннан кейін, қабылданған ұсыныстар негізінде мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілетін туралы хабарлады.

Екінші мәселе Қамқоршылық кеңестің құрамын қалыптастыру бойынша балабақша әдіскері сөз сөйлеген, Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне өзін ұсынған үміткерлерді таныстырды және талқылауға салды.

Талқылаудан кейін Қамқоршылық кеңестің құрамына мүшелікке 11 адам ұсынылды.

1. Д. Артықбаев- Дербісек ауылдық әкімшілігінің бас маманы
2. О. Асылбаев- Дербісек ауылдық әкімшілігінің жер бөлімі маманы
3. Е. Бейсенов –Дербісек ауыл округінің ауыл төбе биі
4. Н.Алибекова –Дербісек ауылдық мәдениет үйінің меңгерушісі
5. Е.Коштенбаев –Дербісек ауылдық ауруханасының аға медбикесі
6. А.Жайдақбаева «Балбөбек» тобының ата-аналар комитетінің төрайымы.

7. Г.Гамедова «Қарлығаш» тобының ата-аналар комитетінің төрайымы.
8. Э.Переиева «Балауса» тобының ата-аналар комитетінің төрайымы.
9. А.Доскараева «Кәусар» тобының ата-аналар комитетінің төрайымы.
10. О. Орха «Жауқазын» тобының ата-аналар комитетінің төрайымы.
11. М.Өмірбек әйел-қыздар комитетінің төрайымы.

Жиналысқа қатысушылар бірауыздан МДҰ Қамқоршылық кеңесі төрағасының кандидатурасына ауыл биі Е.Елтаев ұсынды, сондайақ қамқоршылық кеңесінің хатшысына балабақша педагогы Л.Арзыкулованы бекітуді ұсынды.

Ұсыныс ашық дауыс беру арқылы бірауыздан қабылданды.

Шешім:

1. ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасының 2024-2025 оқу жылына

Қамқоршылық кеңесінің құрамына сайлансын:

Н.Арапбев -Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

А.Калдаров - Қамқоршылық кеңестің хатшысы.

2. Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. –Дербісек ауыл әкімшілігінің заңгер маманы
2. О. Асылбаев- Дербісек ауылдық әкімшілігінің жер бөлімі маманы
3. Н.Алибекова – Дербісек ауылдық мәдениет үйінің меңгерушісі
4. Е.Коштенбаев – Дербісек ауылдық ауруханасының аға медбикесі
5. А.Жайдақбаева «Балбөбек» тобының ата-аналар комитетінің төрайымы.
6. Г.Гамедова «Қарлығаш» тобының ата-аналар комитетінің төрайымы.
7. Э.Переиева «Балауса» тобының ата-аналар комитетінің төрайымы.
8. А.Доскараева «Кәусар» тобының ата-аналар комитетінің төрайымы.
9. О. Орха «Жауқазын» тобының ата-аналар комитетінің төрайымы.
10. М.Өмірбек әйел-қыздар комитетінің төрайымы.

3. Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелері алдағы уқытта

Атқаратын жұмыс бағытын айқындап алу үшін ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасының Жарғысы және нормативтік құқықтық құжаттарымен танысуды және Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын түзіп, бекітуді ұсынды.

Ұсыныс ашық дауыс беру арқылы бірауыздан қабылданды.

- Ж. Сайлаубаев**

А.Оразбаева

Л. Азарбекова

ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасы

Қамқоршылық кеңес отырысының

№2 хаттамасы

2024 жыл «19» Желтоқсан

Қатысты: 18

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау, ұйымдастыру және өткізу.
2. Тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау.
3. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту барысын айқындау.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасы сөз сөйлеп жиналысқа қатысушыларды алда келе жатқан Жаңа-Жыл мерекесімен құттықтады. Жаңа-жыл мерекесін барлық бала асыға күтетінін айта келе осынау мерекені балалардың есінде қалатындай етіп ұйымдастыру керек екенін айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері балабақша ұжымының осы мерекені өткізуге дайындық барысын талқылады. Балабақшаның жаңа-жылдық іс-шара жоспарымен танысты.

Қамқоршылық кеңес мүшесі, Дербісек ауылдық әкімшілігінің бас маманы А. Абсаматов Жаңа жыл мерекесінде өзге ұлт өкілдерінің балалары мен аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға ауыл әкімшілігінің жаңа жылдық шырша мерекесіне шақырылатынын және «Аяз-ата» сыйлығы таратылатынын хабарлады.

Шешім:

1. Балаларға арналған Жаңа жыл мерекесі іс-шара жоспарына сай жоғары деңгейде өткізілсін.
2. Ауыл әкімшілігінің жаңа-жылдық шырша мерекесіне қатысуы «Аяз-ата» сыйлығы алуы үшін балабақшадағы өзге ұлт өкілдерінің балалары мен аз қамтылған отбасыдан шыққан балалардың тізімі жасалып, ауыл әкімшілігіне өткізілсін.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Тиімді тамақтануды ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау мәселесі қаралды. Балабақшаның дәмбикесі Г.Құдайбергенова қыс

мезгіліндегі он күндік ас мәзірімен таныстырды. Балаларға қыс мезгілінде кепкен жеміс шырындары мен сүт тағамдарының, денсаулыққа пайдалы дәнді дақылдардан жасалған тағамдар беріліп жатқанын баяндады.

Шаруашылық меңгерушісі У.Джунисбеков азық-түлікті үнемі сапалы түрде жеткізіп отырғанын, ата-аналардың балалар тамағына риза екенін айтып жеткізді.

Шешім:

1. Балабақшадағы тиімді тамақтануды ұйымдастыру барысы қанағаттанарлық деп табылсын.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту барысы туралы болды. Балабақша меңгерушісі А.Оразбаева сөз алып балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін аудандық білім бөліміне сұраныстар берілгенін және осы сұраныстар негізінде балабақшаның біршама жихаздары, тұрмыстық заттары жаңартылғанын хабарлады. Яғни кереуеттер, ас үстелдері, ыдыстар, орындықтар, ойыншық сөрелері жаңартылды. Балаларға арналған дамытушы ойыншықтар толықтырылды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері балабақша ғимаратын аралап материалдық-техникалық базасына шолу жасап, жаңартылған жихаздар мен бұйымдарға, ойыншықтарға көз жеткізді.

Шешім:

1. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту барысы қанағаттанарлық деп табылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Ж. Сайлаубаев

Б/б меңгерушісі:

А. Оразбаева

Хатшы:

А. Азарбекова



